

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
КеАҚ «Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА»

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
NJSC «L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY»



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫ:
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ**

**МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ,
«НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ»
ПОСВЯЩЕННАЯ ДНЮ НАЦИОНАЛЬНОЙ ВАЛЮТЫ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE,
«NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:
ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES»
DEDICATED TO THE DAY OF THE NATIONAL CURRENCY
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**



13 ҚАРАША, 2024 АСТАНА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА**

**MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ
ВАЛЮТАСЫ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ
ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»**

**Қазақстан Республиканың ұлттық валюта күніне арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

13 қараша 2024 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

**Международной научно-практической конференции,
«НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ»
посвященной дню Национальной валюты Республики Казахстан
13 ноября 2024 год**

COLLECTION OF MATERIALS

**International scientific and practical conference,
«NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:
ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES»
dedicated to the Day of the National Currency of the Republic of Kazakhstan
November 13, 2024**

ASTANA, 2024

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)
Ж 14

«Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы = Международная научно-практическая конференция «Национальная валюта Республики Казахстан: экономический рост и финансовые технологии» = International scientific and practical conference «National currency of the Republic of Kazakhstan: economic growth and financial technologies» - Астана: – 688 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-82-2

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы күніне арналған "Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары" тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттер өткізген өзекті және проблемалық мәселелер бойынша авторлық зерттеулердің нәтижелері ұсынылған. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сондай-ақ қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырмандардың кең ауқымына арналған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции, посвященный дню национальной валюты Республики Казахстан на тему «НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ» представлены результаты авторских исследований по актуальным и проблемным вопросам, проведенных молодыми учеными, докторантами, магистрантами и студентами. Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, занимающихся актуальными проблемами современной науки.

The collection of materials from the international scientific and practical conference dedicated to the Day of the National Currency of the Republic of Kazakhstan on the topic "NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES" presents the results of the author's research on current and problematic issues conducted by young scientists, doctoral students, master's students and students. The publication is intended for students, master's students, doctoral students, as well as for a wide range of readers involved in current issues of modern science.

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)

ISBN978-601-7697-82-2

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)
Ж 14

Рецензенттер:

Алина Г.Б. - ҚР БҒМ БҒСБК қауымдастырылған профессоры, Esil University мекемесінің «Бизнес және басқару» факультетінің деканы

Мажитов Д.М. – экономика ғылымдарының кандидаты, «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ профессоры

Редакциялық алқа:

Жағыпарова А.О. – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультетінің деканы, Астана қ.

Мақыш С.Б. – экономика ғылымның докторы, профессор, Esil университетінің бірінші проректоры – академиялық мәселелер жөніндегі проректор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ диссертациялық кеңесінің төрағасы, Астана қ.

Бұлақбай Ж.М. – экономика ғылымдарының кандидаты., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі, Астана қ.

Майдырова А.Б. – экономика ғылымның докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының меңгерушісі, Астана қ

Сембиева Л.М. – экономика ғылымның докторы, профессор, ЕҰУ «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Аманова Г.Д. - экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп және талдау» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Муталиева Л.М. – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Мухияева Д.М. –Phd докторы қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

ISBN 978-601-7697-82-2

«Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Астана: "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2024. – 699

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Национальная валюта Республики Казахстан: экономический рост и финансовые технологии» . – Астана: НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2024. – 699

Works of the International scientific and practical conference «National currency of the Republic of Kazakhstan: economic growth and financial technologies» . – Astana: NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2024. – 699

ISBN 978-601-7697-82-2

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)

© "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2024
© НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2024
© NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2024

Strategy.

2 National Bank of Kazakhstan. (2023). Monetary Policy Report.

3 World Bank. (2023). Financing Renewable Energy in Central Asia.

4 KazEnergy. (2022). Annual Report on the State of Energy in Kazakhstan.

5 International Renewable Energy Agency (IRENA). (2023). Renewable Energy Market Analysis: Central and Eastern Europe.

ӘОЖ 368.1

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ ESG СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Рахатова Жанна Қайрбекқызы

студент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: PhD Кодашева Г.С.

E-mail : kajrbek2002@mail.ru

Аңдатпа: Қазақстандағы сақтандыру компанияларының ESG (экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару) стратегиясының дамуы маңызды үрдіске айналууда. ESG қағидаттары бизнестің тұрақтылығы мен әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Бұл мақалада ESG стратегияларының сақтандыру секторындағы ерекшеліктері қарастырылады: экологиялық тәуекелдерді басқару, әлеуметтік жауапкершілік стандарттарын енгізу және компаниялардың ашықтығы мен тиімді корпоративтік басқару принциптері. ESG талаптарының сақтандыру индустриясына әсері, олардың клиенттер мен инвесторлар алдындағы беделін жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуге ықпал ететін факторлар талқыланады.

Кілт сөздер: сақтандыру, ESG стратегиясы, экологиялық тәуекелдер, әлеуметтік жауапкершілік, корпоративтік басқару, қаржылық тұрақтылық.

Аннотация: Разработка стратегий ESG (экологического, социального и корпоративного управления) страховых компаний в Казахстане становится важным трендом. Принципы ESG направлены на повышение устойчивости бизнеса и социальной ответственности. В данной статье рассматриваются особенности ESG-стратегий в страховой сфере: управление экологическими рисками, внедрение стандартов социальной ответственности, а также принципы прозрачности и эффективного корпоративного управления компаний. Обсуждается влияние требований ESG на страховую отрасль, улучшение ее репутации среди клиентов и инвесторов, а также факторы, способствующие достижению долгосрочной финансовой стабильности.

Ключевые слова: страхование, ESG-стратегия, экологические риски, социальная ответственность, корпоративное управление, финансовая стабильность.

Abstract: The development of ESG (environmental, social and corporate governance) strategies for insurance companies in Kazakhstan is becoming an important trend. ESG principles are aimed at increasing business sustainability and social responsibility. This article discusses the features of ESG strategies in the insurance sector: environmental risk management, implementation of social responsibility standards, as well as the principles of transparency and effective corporate governance of companies. The impact of ESG requirements on the insurance industry, improving its reputation among customers and investors, as well as factors contributing to the achievement of long-term financial stability are discussed.

Keywords: insurance, ESG strategy, environmental risks, social responsibility, corporate governance, financial stability.

Соңғы жылдары ESG (Environmental, Social, Governance – экологиялық, әлеуметтік және

корпоративтік басқару) ұстанымдары жаһандық деңгейде бизнес пен қаржы салаларында басты назарға айналды. Бұл ұстанымдар компаниялардың тек қаржылық көрсеткіштеріне емес, сонымен қатар олардың қоғамға, қоршаған ортаға және басқарушылық этикаға деген жауапкершілігіне мән беретінін көрсетеді. ESG стратегиясы үш негізгі компоненттен тұрады:

1) Экологиялық (E): компаниялардың қоршаған ортаға әсерін төмендетуге бағытталған әрекеттері, мысалы, көмірқышқыл газын азайту, энергия тиімділігін арттыру.

2) Әлеуметтік (S): қоғамның әл-ауқатын жақсартуға, қызметкерлердің жұмыс жағдайларын жақсартуға және әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға бағытталған іс-шаралар.

3) Корпоративтік басқару (G): компанияның ашықтығын, есептілігін және басқару тиімділігін қамтамасыз ету.

ESG стратегияларын енгізу — сақтандыру компаниялары үшін маңызды және қажетті қадам. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, ESG қағидаттарын сәтті енгізген компаниялар ұзақмерзімді перспективада экономикалық тұрғыдан тиімді болып келеді. Бұл стратегиялар компаниялардың экологиялық тәуекелдерді тиімді басқаруына, әлеуметтік жауапкершілікті арттыруына және корпоративтік басқаруды жақсартуына көмектеседі [1].

Қазақстанның сақтандыру нарығы тұрақты түрде өсіп келеді. Соңғы мәліметтер бойынша, нарық көлемі шамамен 500 млрд теңгені құрайды. Нарықтағы негізгі ойыншыларға *"Евразия"*, *"Халық-Life"*, және *"Kazakhinstrakh"* сияқты ірі сақтандыру компаниялары кіреді. Сақтандыру өнімдері міндетті және ерікті түрлерге бөлінеді: міндетті сақтандыруға ЖКО сақтандыруы, ал ерікті түрлерге өмірді сақтандыру, денсаулықты сақтандыру және мүлікті сақтандыру жатады [1].

2020-2022 жылдары Қазақстанда ESG бағытындағы зерттеулер мен талдаулар жүргізіліп, компаниялардың ESG стратегияларын енгізу қажеттілігі туралы ақпарат тарала бастады. Бұл кезеңде кейбір сақтандыру компаниялары ESG принциптерін өзінің корпоративтік стратегияларына қосып, тұрақты инвестицияларды қолдай бастады. Соңғы жылдары (2022-2024) ESG стратегияларының енгізілуі мен дамуы жеделдетілді. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ESG стандарттарын дамыту бойынша жұмыстар жүргізуде. Сақтандыру компаниялары өздерінің инвестициялық портфельдерінде ESG стандарттарына сәйкес келетін жобаларды іздей бастады[2].

Кесте 1 – Қазақстандағы сақтандыру компанияларының ESG стратегиясының даму ерекшеліктері

ESG стратегиясының компоненті	Қысқаша сипаттамасы және Қазақстандағы мысалдар
Экологиялық (E)	<i>"Евразия"</i> сақтандыру компаниясы табиғи апаттарға байланысты тәуекелдерді сақтандыру өнімдерін ұсынады. Алайда экологиялық таза энергияны қолдау немесе көміртекті азайту бастамалары сирек кездеседі.
Әлеуметтік (S)	<i>"Халық-Life"</i> сияқты компаниялар әлеуметтік жауапкершілік аясында денсаулық сақтау саласында жобаларға қатысады, халықтың әлеуметтік осал топтарына көмек көрсетуге бағытталған бағдарламалар әзірленуде.
Корпоративтік басқару (G)	Корпоративтік басқару саласында <i>"Kazakhinstrakh"</i> компаниясы халықаралық стандарттарға сәйкес корпоративтік басқару мен ашықтық принциптерін енгізуде.
Ескерту: [2] дерек көзі негізінде құрастырылған	

Қазақстандағы және шетелдегі сақтандыру компанияларының ESG (экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару) стратегияларының дамуы бірнеше маңызды

ерекшеліктерге ие:

1) Табиғи ресурстарға тәуелділік: Қазақстан экономикасы мұнай, газ және басқа табиғи ресурстарға тәуелді болғандықтан, экологиялық факторлар ESG стратегиясының маңызды бөлігі болып табылады. Көптеген компаниялар көміртек ізін азайтуға және жасыл энергетикаға көшуге тырысады. Бұл бағытта сақтандыру компаниялары да экологиялық тәуекелдерді ескеріп, экологиялық стандарттарға сай өнімдер ұсынады.

2) Мемлекеттік реттеу және қолдау: Қазақстан үкіметі ESG стандарттарын дамыту үшін бірнеше бастамалар жасады. Мысалы, 2021 жылы Қазақстан Париж келісімі бойынша көміртек шығарындыларын азайту туралы міндеттемелерді ратификациялады, ал сақтандыру компаниялары осы стандарттарды өз стратегияларына енгізуде.

3) Әлеуметтік факторлар: Әлеуметтік тұрақтылық пен әлеуметтік жауапкершілік те маңызды. Компаниялар қоғамға қолдау көрсету, қызметкерлердің құқығын қорғау және клиенттермен қарым-қатынасты жақсарту сияқты әлеуметтік жауапкершілік бағдарламаларын жүзеге асырады.

4) Корпоративтік басқару: Қазақстандағы сақтандыру компаниялары корпоративтік басқару деңгейін арттыруға баса назар аударады, себебі бұл олардың нарықтағы беделін нығайтады. Бұл ретте компаниялар халықаралық тәжірибелерді ескеріп, ашықтық, есептілік және акционерлердің құқықтарын қорғау принциптерін енгізуде[3].

Халықаралық қаржы корпорациясының мәліметі бойынша, ESG-стандарттарын енгізетін компаниялар өздерінің қаржылық көрсеткіштерін жақсартқан. Freedom Insurance мәліметтері де мұны растайды:

1. 2023 жылы компания активтерін 33,65 миллиард теңгеден ұлғайтты.

2. Бір жыл ішінде меншікті капитал 5,27 миллиардтан 20 миллиардқа дейін өсті.

3. Компанияның сатылымы бір жылда екі есеге өсті: 2023 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша олар 21,5 миллиард теңгені, ал 2022 жылы 10,5 миллиард теңгені құрады (сурет 1)

«КПМГ Аудит» ЖШС (KPMG Kazakhstan) 2023 жылға арналған Қазақстандағы сақтандыру компанияларының рейтингінде компания 16-шы орыннан (18-ден) 8-ші орынға (17-ден) көтерілді[2].

ESG-стандарттарын 2006 жылы БҰҰ әзірлеген және сәйкесінше барлық ірі жаһандық корпорацияларға ұсынылған. Олар кедейлік пен аштықты жоюға, халықтың денсаулығын қолдауға, гендерлік теңдікке қол жеткізуге, арзан және таза энергияны өндіруге және пайдалануға, табиғи экожүйелерді қорғауға және сақтауға, т.б. бағытталған тұрақты дамудың 17 мақсатына қол жеткізуге көмектеседі[2].



Сурет 1 – Freedom Insurance компаниясының қаржылық көрсеткіштері (2022-2023)

Ескерту: [5] дерек көзі негізінде автормен құрастырылған

Freedom Insurance компаниясының ESG стратегиялары оның қаржылық жағдайына бірнеше оң әсер етті. Мұндай қарқынды өсім компанияның қаржылық тұрақтылығының артуын, тиімді басқару шешімдерін және, мүмкін, ішкі нарықтағы немесе инвестициялық ортадағы жағымды өзгерістерді білдіреді. ESG стратегиясындағы бұл жетістіктер компанияның беделін арттырып, тұрақты даму жолында маңызды рөл атқарады.

2022 жылы Freedom Insurance компаниясы бірінші болып жазатайым оқиғадан кейін сақтандыру төлемдерін 5-10 күн ішінде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін DTP.kz жобасын жүзеге асырды. Компанияның бастамалары Қазақстанда еуропрокол жүйесін енгізуді жеделдетті. Ағымдағы жылы компания заңды тұлғалардың сенімділігін автоматты түрде бағалай алатын заңды тұлғалар үшін скоринг жүйесін құру процесін бастады. Оның көмегімен корпоративтік сақтандыру бойынша жеке тарифтерді автоматты түрде қолдану мүмкін болады. Бұл Freedom Insurance компаниясына әрбір серіктеспен жеке қарым-қатынас орнатуға және оларға бірегей сақтандыру шарттарын ұсынуға мүмкіндік береді[4].

Қазақстандағы сақтандыру нарығының маңызды ерекшелігі — цифрландырудың дамуы. Көптеген компаниялар онлайн платформалар арқылы қызмет көрсетуді ұсынады, бұл ESG қағидаттарын қолдауға және экологиялық шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Мәселен, "Nomad Insurance" ESG қағидаттарын қолдауға цифрлық платформаларды дамыту арқылы үлес қосуда. Сонымен қатар, Қазақстандық сақтандыру компаниялары ESG талаптарына сәйкес келетін жобаларға халықаралық инвестициялар мен серіктестіктерді тарту мүмкіндіктері артып келеді. Мысалы, "Freedom Finance Insurance" компаниясы ESG қағидаттарына сәйкес келетін өнімдер әзірлеу бағытында жұмыс істейді.

Кесте 2 – Қазақстандағы сақтандыру компанияларының ESG стратегияларын енгізуін SWOT – талдау арқылы көрсету

Күшті жақтары (Strengths) - Сақтандыру компанияларының экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқарудағы тәжірибесі. - ESG стратегияларын енгізу арқылы халықаралық нарықта бәсекеге қабілеттіліктің артуы. - Кейбір жетекші компанияларда корпоративтік басқарудың халықаралық стандарттарын қолдану.	Әлсіз жақтары (Weaknesses) - ESG қағидаттарын енгізуге арналған нормативтік-құқықтық базаның әлсіздігі. - Қаржылық және ресурстық шектеулердің болуы, ESG жобаларына қажетті инвестицияның жеткіліксіздігі. - ESG саласында тәжірибе мен мамандардың тапшылығы.
Мүмкіндіктері (Opportunities) - ESG стратегияларын сәтті енгізу арқылы шетелдік инвесторларды тарту мүмкіндігі. - Халықаралық нарықта сақтандыру компанияларының беделін арттыру. - ESG қағидаттарын қолдану арқылы ұзақмерзімді тұрақты даму мен тәуекелдерді азайту мүмкіндігі.	Қауіптері (Threats) - ESG стратегияларын енгізудегі баяулық халықаралық нарықта бәсекелестік қабілеттің төмендеуіне әкелуі мүмкін. - Халықаралық стандарттарға сәйкес келмеген жағдайда шетелдік инвесторлар мен серіктестердің қызығушылығы төмендеуі ықтимал. - ESG талаптарына сай келмеу репутациялық тәуекелдерге әкелуі мүмкін.
Ескерту: [2] дерек көзі негізінде автормен құрастырылған	

Сонымен, Қазақстан үшін ESG қағидаттарын енгізу сақтандыру компанияларына бірнеше артықшылықтар береді:

- 1) Халықаралық инвесторларды тарту: ESG талаптарын орындаған компаниялар халықаралық инвестицияларды тартуға қабілетті.
- 2) Репутацияны жақсарту: ESG стратегиялары компания беделін нығайтуға және нарықта сенімділікті арттыруға көмектеседі.
- 3) Тәуекелдерді тиімді басқару: ESG қағидаттарын енгізу арқылы компаниялар экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді тиімді басқара алады, бұл ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Кесте 3 – ESG стратегияларын енгізу бойынша ұсыныстар

Ұсыныстар	Қысқаша сипаттамасы
Заңнаманы жетілдіру	ESG стандарттарына сәйкес келетін жаңа заңдар мен нормативтік актілерді енгізу, нақты талаптар орнату.
Қаржылық қолдау	ESG жобаларына арналған арнайы қаржылық құралдар, гранттар немесе субсидиялар арқылы компанияларды ынталандыру.
ESG оқыту және ақпараттандыру	Компания басшылығы мен қызметкерлері үшін ESG қағидаттарын оқыту бағдарламаларын ұйымдастыру.
Халықаралық стандарттарды бейімдеу	Халықаралық ESG стандарттарын енгізу және жергілікті нарыққа бейімдеу, жетекші әлемдік тәжірибені қолдану.

Қорытындылай келе, ESG қағидаттарын енгізу Қазақстандағы сақтандыру компанияларының ұзақ мерзімді тұрақты дамуына, беделінің артуына және халықаралық нарықта бәсекеге қабілеттілігінің күшеюіне ықпал етеді. ESG стандарттары компанияларға экологиялық, әлеуметтік тәуекелдерді тиімді басқаруға және корпоративтік басқаруды жақсартуға мүмкіндік береді, бұл инвесторлар мен серіктестердің сенімін арттырады. ESG қағидаттарын ұстанатын сақтандыру компанияларының дамуы болашақта негізгі трендтердің бірі болады. Олардың ішінде экологиялық таза сақтандыру өнімдерінің дамуы, цифрлық технологияларды қолдану және халықаралық стандарттарды толыққанды енгізу бар. ESG талаптарын орындау арқылы компаниялар жаңа инвестицияларды тартып, ұзақ мерзімді тұрақтылыққа қол жеткізеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Халықаралық қаржы ұйымдары мен ESG зерттеулері [электрондық ресурс] : <https://oecd.org>
2. ESG стандарттары бойынша сақтандыру: қазақстандық компанияның тәжірибесі [электрондық ресурс] : <https://nazarmedia.kz/esg-standarttary-bojynsha-saktandyru-kazakstandyk-kompaniyanyn-tazhiribesi/>
3. БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі жөніндегі негіздемелік конвенциясының (UNFCCC) ресми сайты [электрондық ресурс] : <https://unfccc.int>
4. Соответствие ESG-стандартам: опыт страхования от казахстанской компании [электрондық ресурс] : <https://dknews.kz/ru/finansy/322166-sootvetstvie-esg-standartam-opyt-strahovaniya-ot>
5. Freedom Insurance компаниясының қаржылық есебі [электрондық ресурс] : <https://ffins.kz/report-file/266>